СТОИ

**Коммуналдық мүлікті мүліктік жалға беру туралы**
**К Е Л І С І М шарты**

Шардара қаласы № 29 «01» 04 2026 жыл

Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының білім бөлімінің **«Шардара мектеп-лицейі»** коммуналдық мемлекеттік мекемесі атынан Жарғы негізінде әрекет етуші директоры Құлмағанбет Лаззат Өмірәліқызы, теңгерімді ұстаушы, бұдан әрі «Жалға беруші» деп аталып бірінші тараптан, бұдан әрі Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Шардара аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын бұдан әрі, «Жалға алушы» деп аталып, Жарғы негізінде әрекет етуші басшысы Сейтханов Мухитдин Абуович, екінші тараптан, бұдан әрі тараптар деп аталатындар, жеке айтқанда тарап, Түркістан облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы басшысының №_____ _____жылғы Коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) төлемін өндірмей беру туралы бұйрығы негізінде төмендегіше осы келісім жасасты;

**1.Келісімнің негізі.**

1.1.«Жалға беруші», «Жалға алушыға» Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Шардара ауданы, Шардара қаласы, Әл-Фараби көшесі, ғимарат №16Б, мекен - жайында орналасқан, Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының білім бөлімінің «Шардара мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратынан (жалпы алаңы – 47,9 шаршы метр) тұрғын емес жайларын жалға береді.

1.2. Нысананы пайдалану мақсаты – білім беру ұйымдарында медициналық қызметтер көрсету үшін;

1.2.«Жалға алушы» жайды жалға алғаны үшін 2026 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін 0,0 (нөл) теңге (бюджеттік мекемелер үшін) көлемінде ақы төлейді.

1.3. Келісім шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және жаңа келісім шартқа тұрғанға дейін күшінде болады.

**2.Тараптардың міндеттері.**

2.1.«Жалға беруші» міндетті;

2.1.1. Келісімде белгіленген тәртіпке сәйкес, «Жалға алушыға» берілген жайды пайдалану кезінде қарсы әрекеттер жасамауға;

2.1.2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2023 жылғы 14 наурыз №37 «Орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы» бұйрығының 1-тарау, 3-тармағына сәйкес, орта білім беру ұйымы білім алушыларға дәрігерге дейінгі және білікті медициналық көмек көрсетуге арналған жеке кабинет (бұдан әрі – медициналық пункт) бөледі және оны жинау мен техникалық күтіп-ұстауды қамтамасыз етеді

2.2. «Жалға алушы» міндетті;

2.2.1.Жайды келісімнің шарттарына сәйкес пайдалануға;

2.2.2. Медициналық пункттің жұмыс кестесі орта білім беру ұйымының жұмыс кестесіне сәйкес белгілуге;

2.2.3.Жайды тиісті тәртіпке ұстауға, жайға және жайда орналасқан инженерлік қатынастардың зақымдануына әкелетін іс-әрекеттер жасамауға;

2.2.4.Жалға алынған жайдың өрт қауіпсіздігін сақтауға.

2.2.5.Жалға алынған жайдың санитарлық тазалығын сақтауға.

2.2.6.Өз кінәсінен жай және құрал жабдықтар зақымданған жағдайда өз қаражаты есебінен өтеуге;

2.2.7. «Жалға берушінің» санитарлық бақылау қызметін және басқада мемлекеттік органдардың, заңның және нормалардың қолдану тәртібін орындалуын, жайдың пайдалануын бақылайтын өкілдерді жайға кіргізуге міндетті;

**3.Тараптардың жауапкершілігі.**

3.1.Тараптар жалға беру келісімін бұзғаны үшін қолданылып жүрген заңдарына сәйкес келтірілген залал көлеміне жауап береді.

3.2.Айыпталған тарап айыппұл төлегенімен келісімде көрсетілген жауапкершіліктен босатылмайды.

**4.Келісім әрекетінің тоқтатылуы.**

4.1. Осы шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жаңа шарт қабылдағанға дейін немесе екі тараптың өзара келісімі (уағдаластық) бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізгенге дейін қолданыста болады және тараптардың орындауы үшін міндетті болады.

Келісім шарттың қолданылу мерзімі өткен жағдайда, ол тараптардың ең болмағанда біреуі оның қолданылу мерзімі өткенге дейін жаңа келісім шарт жасасу туралы ұсыныс енгізген кезде жаңа келісім шарт жасалғанға дейін, бірақ бір жылға дейінгі мерзімнен аспайтын мерзімге ұзартылған болып саналады.

4.1.Келісім мерзімі аяқталған соң және тараптардың келісімі бойынша кез - келген мерзім ішінде, екінші тарапқа хабарлама бере отырып тоқтатуға құқылы.

4.2. Хабарламаны қарау мерзімі - 15 жұмыс күнді құрайды.

4.2.Келісім мерзімінен бұрын бір тараптан «Жалға берушінің» ынтасымен мына жағдайларда іс-әрекетін тоқтатады;

4.2.1. «Жалға алушының» таралуы.

4.2.2. Келісім шарттың бұзылуы.

4.2.3. қызмет бағытының сақталмауы.

**5.Тараптардың жауапкершілігі, дауларды шешу, форс-мажорлық жағдайлар.**

5.1.Тараптар осы келісімде және ҚР-ның заңнамаларында көрсетілген өздеріне жүктелген міндеттемелерді толық, уақтысында орындауға міндеттенеді.

5.2.Келісімде көзделген міндеттемелер орындалмаған немесе тиісті дәрежеде орындалмаған жағдайда кінәлі тарап, екінші тарапқа Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес келтірілген залалдың орнын толтырады.

5.3.Тараптар арасындағы келіспеушіліктер мен даулық мәселеллер бойынша өз ара келісімге келмеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, көзеделген тәртіппен шешіледі.

5.4.Форс-мажорлық жағдайлар бойынша тараптардың міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамаған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

5.5.Келісім екі данада жасалады, әр тараптарға беріліп, сақталады және барлығының бірдей заңды күші бар.

**6. Тараптардың мекен жайы мен реквизиттері.**

**Жалға беруші;**
**«Теңгерімді ұстаушы»**
Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының білім бөлімінің «Шардара мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Шардара ауданы, Шардара қаласы, Әл-Фараби көшесі, ғимарат №16Б.

Директорының м.а.
**Құлмағанбет Лаззат Өмірәліқызы**

қолы

м/о

**Жалға алушы;**
Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Шардара аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК
**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Шардара ауданы, Шардара қаласы, Сейтқасым Әшіров көшесі, ғимарат №8.

Басшы
**Сейтханов Мухитдин Абуович**

Қолы

м/о